

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№10 ХАТТАМАСЫ

08.06.2023 ж.

Түркістан қаласы.

Қатысқандар:

комиссия төраймы:

1. Казыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

комиссия мүшелері:

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
 3. П.Адиева – ф.ғ.к., доцент;
 4. Ы. Нұрмәғанбетова – аға оқытушы;
 5. Ш.А.Каримова - аға оқытушы;
 6. А.Байдаuletова – оқытушы;
 7. С.Қонысова - оқытушы;
 8. Д.Саржанова – докторант;
 9. Ф.Маккамбаева –магистрант;
 10. Ж.Жумабекова- студент
 11. А Сейтжанова – әдістемелік жұмысты үйымдастыру белімінің әдіскері

ШАҚЫРЫЛҒАНДАР:

12. А.Әзтүрк -Филология факультетінің деканы
13. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Комиссия хатшысы:

- 14 А.Конысова – оқытушы

Катыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.
 2. Комиссияның оқу жылыны есебін әзірлеу.
 3. Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
 4. Маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тындалды:

- 1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы сөз алыш күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерді таныстырып шықты. Келесі сөз кезегін алған Филология факультетінің оку ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Сунжанова факультетке қарасты кафедралар 2023-2024 оку жылына дайындық актілерін факультеттің академиялық комитетіне ұсынғандығын айта кетті. Дайындық актілерін дайындауда университеттің стратегиялық жоспарына, білім, ғылым мен тәрбиені, ОПК біліктілігін арттыру мәселелерін дамытуды негізге ала отырып жасағанын айта кетті. Сонымен қатар, келесі 2023-2024 оку жылына кафедралар тараپынан білімгерлеріміздің білімін арттыру мақсатында әр түрлі ғылыми жұмыстарына баулуды жолға қою мақсатында студенттердің ғылыми үйірмелерін, студенттерді ғылыми жобаға тарту мәселелерін, студенттердің ғылыми макаланы жазуға машықтандыру мәселелеріне көніл бөлу керектігін алға тартты. Сонымен қатар, кафедраларда оқытушы-профессорлар**

құрамының біліктілігін арттыру мақсатында отандық және шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасуын қолға алу керек екенін айттып өтті.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы тәрайымы мен комиссия мүшелері өзара талқылай келе, кафедралар дайындаған дайындық актісі талапқа сай дайындалған және дайындық актісінде 2023-2024 оку жылына қатысты барлық жұмыс бағыттары, атап айтқанда, ғылыми зерттеу жұмыстары, оку-әдістемелік жұмыстар және оқытушылардың біліктілігін арттыру т.б. мәселелері жан-жақты қамтылғандығын растай отырып бір шешімге келді.

Шешім: Факультеттің, кафедралардың келесі оку жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы тәрайымы Қазыханқызы Лазура сөз кезегін алып 2022-2023 оку жылында жоспар бойынша атқарылған жұмыстар легінің есебімен таныстырып өтті. 2022-2023 оку жылына факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалып, жоспар бойынша ай сайынғы күн тәртібіндегі мәселелерге талдаулар жасалынып отыргандығын айта өтті. Мәжілісте қарастырылған мәселелер комиссия мүшелеріне және кафедра менгерушілеріне күні бұрын жіберіліп, олардың күн тәртібіндегі мәселелерге дайындығына, олардың орындалуына назар аударылды. Есеп беруде оку жылындағы атқарылған жұмыстардың корытындысын қысқаша сипаттайтын болсақ, БББ жаңартылуын, оларды оку-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін, ОПК қышықтықтан оқыту және жүргізетін пәндері бойынша бес жылда бірден кем емес біліктілікten өтуін, бұлардың кафедараның жұмыс бағыттарында жоспарлауын, жұмыс берушілермен БББ дайындауда байланыстарын, олардың ұсыныстарын ескеру, сауалнама нәтижелерін талдау, 2023-2024 оку жылында БББ дайындалу барысы мен оның ҚР БжФМ Реестріне тіркелуі т.б. мәселелер жан-жақты баяндады. Сонымен қатар, келесі оку жылында ескерілетін ескерпелер мен ұсыныстар берілді.

6B01719, 6B01718, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламарының өзіндік бағалау есебін Д.Мутанова таныстырып өтті. Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері, ағылшын және түрік тілдері) білім беру бағдарламасы педагогикалық шеберлігі бар мамандарды даярлауға арналғандығын айта отырып ББ мақсатымен таныстырып өтті: кәсіби қарым-қатынас мәдениетін игерген азаматтық ұстамы бар, қазіргі ғылыми және практикалық проблемаларды шеше алатын, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару іс-әрекетін нәтижелі жүзеге асыратын, жоғары деңгейлі кәсіби мәдениетті мамандарды даярлау; ЖОО-да және арнаулы орта білім беру мекемелерінде арнаулы пәндерді оқытуға қажетті білім мен іскерлікті менгерген және оны оқыту дағдыларын жүзеге асыратын мамандарды даярлау; арнайы ғылыми-зерттеулерді үйімдастыру және жүргізу дағдыларын менгерген, кәсіби білім беру жүйесінің келесі сатысы-докторантурада білім алуды жалғастыруға даярлығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар Қазақстандық және шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелерімен, Бенчмаркинг нәтижелерімен, білімгерлер мен жұмыс берушілерден алынған сауалнамалар нәтижесімен де таныстыра отырып, ББ жақсарту ұсыныстарын айта өтті: Шетелдік университеттермен бірлескен оку бағдарламаларын жасауды қарастыру.

6B02333, 7M02314-Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасы мен 7M02212-Түркітану білім беру бағдарламасының өзіндік бағалау есебімен таныстыру мақсатында Ы. Нұрмажанбетова сөз кезегін ала отырып, білім беру бағдарламасы, филология саласы бойынша түрік тілі мен әдебиетін, түркі тілдері мен әдебиеттерін, сонымен қатар тілдер тарихын жан-жақты менгерген бакалаврды дайындауга арналғандығын алға тартты. Білім беру бағдарламасының білікті оқытушылармен қамтамасыз етілгенін, білім беру бағдарламасын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын білдірді: білімгердің тілдік дағдыларын нығайту мақсатында демалыс уақытында Турция

Республикасына тағлымдамаға жіберу; үлгерімі жақсы студенттерге сыйақы тағайындау; қаладағы жаңадан ашылып жатқан жұмыс нысандарымен үш жақты келісім-шарт түзу.

Келесі сөз кезегін алған факультеттің деканы Л.Қазыханқызының есебіне он баға бере отырып, келесі оку жылында назарға алуға тиісті бірнеше ұсыныстарды атап өтті. Яғни, БББ сапасын жақсарту, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, білімгерлерді дайындауға оларды қатыстыру және БББ бағдарламаларын оку-әдістемелік нұсқаудықтар окулық, оку қуралдарымен камтамасыз ету қажеттілігін айтты.

Шешім: Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссияның оку жылдарының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесі бойынша сөз алған Л.Қазыханқызы 2023-2024 оқу жылына факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспары дайындалғанын атап өтті. Жоспардың мазмұнымен комиссия мүшелеріне таныстыра отырып, академиялық комитеттің талқылаудың үсынды.

Шешім: Комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын бекітуді факультеттің академиялық кенесіне усынылсын.

Мәжіліс төрайымы:

Казыханкызы Л.

Мажіліс хатшысы:

Конысова А.